

4. Боранбаева Д.К. Статистические сведения об именных детях из казахских семей (на материале данных архивов ЗАГС г.Алматы за 1998 г.) // Вопросы антропоники. Выпуск 1. Сборник статей / ред. А.И.Назаров. - Алматы, 2003. - 84 с.
5. Мифы народов мира.А -К. М..Т. 1:Советская энциклопедия [Гос. словарно-энциклопедич. изд-во "Советская энциклопедия"], 1980 . - 671 с.
6. Мори М. Бегю-каган и Поцзуй // Turcologica. - Москва, 1976. - С. 284-290
7. Гумилев Л.Н. Древние тюрки, - Москва, 1967. - 504 с.
8. Гафуров А. Имя и история. - Москва, 1987. - 215 с.
9. Анар. Книга моего деда Коркута. - Семей, 2004. - 152 с.

УДК811.512

ӨСІМДІК АТАУЫНА ҚАТЫСТЫ ЛЕКСИКАНЫ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

Бегімбетова Әсел Нұрмаханқызы

asel_miss_97@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
6М021200 – «Түркітану» мамандығының магистранты

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі –Ескеева М.К.

Қазіргі таңда тіл – адамдардың қатынас құралы ретінде ғана емес, халықтың өткен өмірінен, тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетінен мол мағлұмат беретін ақпарат көзі ретінде де маңыздылығын танытып отыр. Тіл біліміндегі антропоэзектік зерттеу парадигмасының кеңінен таралуына байланысты лингвистиканың құрылымдық-деңгейлік салаларынан басқа пәнаралық зерттеулерге негізделген бірнеше бағыттар қалыптасты. Сондай бағыттардың бірі – этнолингвистика. «Қазақ тіл білімінде кейіннен қолға алынғанымен, маңызы зор сала болып табылатын – этнолингвистика. Бұл бағыт бұрыннан болмады деп айта алмаймыз, бір жүйеге түсуі ХХ ғасырдың орта тұсында жолға қойылды» [1].

Сөз байлығын этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеудің жалпы тіл ғылымында екі ғасырдан асатын тарихы бар. Этнолингвистикалық зерттеулер ХІХ-ХХ ғасырлар аралығында Э. Сепир, Б. Уорф, Ф. Баос, В. Гумбольдт т.б. ғалымдардың Солтүстік және Орталық Американдық үндістердің тіл ерекшеліктерін қарастыруға бағытталған зерттеулерінің негізінде пайда болды. Этнолингвистиканың негізін салған ғалымдардың бірі – В. Гумбольдт (1767-1835) «Ява аралдарындағы киви тілдері» атты еңбегінің алғысөзінде этнолингвистикалық ұстанымдардың тиянақты концепциясын баяндап берді. ХVІІІ ғасырдың соңы мен ХІХ ғасырдың басында жасалынған И.Г. Гердер, М. Брэлл, Ж. Гримм еңбектерінен де этнолингвистикалық зерттеу әдістері мен нәтижелерін көруге болады. Жоғарыда есімдері аталған ғалымдардың идеяларын ХХ ғасырдың басында Э. Сепир бастаған ғалымдар одан әрі дамыта бастады. Дегенмен, этнолингвистиканың тіл ғылымының ішінде жеке сала ретінде қарастырылып, қалыптаса бастауы ХІХ ғасырдың 20-30 жылдарынан кейінгі кезең. Бұл уақытта англиялық Л.Р. Палмер, швециялық Ф.Де Соссюр, польшалық В. Маленовский, американдық Ф. Боас, Б. Уорф, т.б. ғалымдардың зор үлес қосуларының арқасында этнолингвистика дербес салаға айналды [2]. Л.Вайсгербер өзіне дейінгі идеяларды жалғастырып «Неміс тілінің күші туралы» (1950) атты төрт томдық еңбегінде неміс мәдениетінің ұлттық сипатын тіл арқылы, яғни сөз мазмұны негізінде зерттеді. Ресейде этнос тілі мен этностың күллі болмыс-бітімін, руханиятын сабақтастыра қарастыратын этнолингвистикалық зерттеулермен Н.И. Толстой, С.М. Толстая, В.В. Иванов, А.Ф. Журавлев, В.Н. Топоров т.б. ғалымдар айналысты.

Қазақ тіл біліміндегі этнолингвистика саласының қалыптасып, дамуы Ә. Қайдар, М.М. Копыленко, Е. Жанпейісов т.б. зерттеушілердің еңбектерімен байланысты. Қазақ

этнолингвистикасының ғылыми-теориялық және методологиялық негізінің қалыптасуы да жалпы әлемдік тіл біліміндегі этнолингвистикалық зерттеулермен байланысты екені белгілі. Бірақ тәжірибелік жақтан алғанда, қазақ ұлтын, халқын оның тілі арқылы танып-білу мақсаты ертеден бастау алғаны сөзсіз. Ал ғылыми теориялық сипатының нақтылануы 1985 жылдарға сәйкес келеді. Алғашқы этнолингвистикалық зерттеулер ХХ ғасырдың 70-жылдарында қолға алына бастады. Бұл зерттеулерді қазақ тіл білімінің көрнекті маманы, қазақ этнолингвистика саласының негізін салушы Ә.Т. Қайдар бастаған ғалымдар жүргізді. Қазақ тілінің этнолингвистикалық ерекшеліктері туралы Р. Сыздық, Н. Уәли, Т. Жанұзақов т.б. белгілі қазақ ғалымдарының пайымдаулары да маңызды.

Қазіргі таңда қазақ этнолингвистикасының қазір өзіндік бағыты мен зерттеу нысаны, әдіснамалық зерттеу жолы нақтыланған: «Этнолингвистиканың зерттеу объектісін этностың тілі десек, ондағы мақсаты – сол тіл арқылы этностың болмысын танып білу болады» [3, 12]. Этнос болмысы этнос дүниетанымы мен мәдениетін, өткен тарихы мен бүгінгі өмірін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін т.б. рухани-мәдени және материалдық құндылықтар жүйесін толық қамтиды. Сондықтан қазақ этнолингвистикасының зерттеу нысаны өте ауқымды, ұлттық болмысын сипаттайтын барлық деректерді тілмен, сөз мазмұнымен ұштастыру болып табылады.

Қазақ этнолингвистикасына қатысты зерттеушілерді атап өтуде алдымен қазақтың ру, тайпасының шығу тарихын, қазақ халқының қалыптасуы туралы бірінші жазған ғалым Ш.Уәлиханов аталады. Ол «Қазақ шежіресі» еңбегінде қазақ халқын құрайтын ру, тайпалардың дәуірін, кезеңдерін, тарихын талдау арқылы Алтын Орда, монғол үстемдігі, Жошы, Шағатай ұлысы кезіндегі деректерді келтіреді. Бұл аталған дәуірдегі сөз қолданысын тануға, этноним болып кеткен сөздердің мәнін ашуға мүмкіндік береді. Қазақ тіл білімінің бастауында тұрған Н. Сауранбаев, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, М. Балақаев, І. Кеңесбаев сынды ғалымдардың сөз семантикасы мен этимологиясына, мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерге қатысты зерттеулерінде де халық тілі мен халық болмысын сабақтастыра қарастыру үрдісі кездеседі.

Ғалым Е. Жанпейсов: «Этнолингвистика этносқа қатысты культурологиялық, этнологиялық, мифологиялық, лингвистикалық және фольклористикалық зерттеулерді өзара байланыстыра, сабақтастыра қатар алып жүруді, үйлестіре жүргізуді талап етеді» [4, 113б], – деген пікір айтады. Осы тұрғыдан алғанда этнолингвистиканы тіл білімінің өзге салаларымен тоғысатын саласы деуге болады. Сондықтан қазақ халқының әр дәуірдегі рухани мұраларын әр қырынан зерттеген Ә. Марғұлан, М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев, Н. Мыңжани, Су Бихай, Х. Арғынбаев, Т. Машанов, К. Байпақов, Р. Бердібаев, С. Қасқабасов, Ө. Жәнібеков, С. Қасимов, С. Ақатаев т.б. тарихшы, этнограф, әдебиетші ғалымдардың еңбектері де қазақ этнолингвистикасын дамытуға белгілі бір дәрежеде үлес қосады.

Қазіргі қазақ этнолингвистикасы ғылыми негізі қалыптасқан, жан-жақты ізденіс нәтижесінде өзіндік ерекшелігі мен үрдісі айқындалған, дербес те перспективті ғылым саласы ретінде танылып отыр. Мұны белгілі ғалым профессор М.М. Копыленко өзінің «Этнолингвистиканың негіздері» деп аталатын еңбегінде айқын көрсетіп берді [5]. Қазақ этнолингвистикасына қатысты мәселелермен шұғылданушылар үшін бұл еңбектің берері мол. Онда, мәселен, қазақ топырағында дүниеге келген этнолингвистика ғылымының төңірегінде ғылыми мектеп қалыптасқандығы және бұл салада көп жылдар бойы үздіксіз жүргізіліп келе жатқан ізденістердің нәтижесінде айқындала түскен оның бағыт-бағдары, өзіндік үрдісі, зерттеу объектілері мен тәсіл-әдістері кеңінен сөз болады.

Қазіргі таңда қазақ тілі деректері бойынша арнайы этнолингвистикалық зерттеулер кеңінен жүргізілуде: Р. Шойбеков (зергерлік атаулар), Ж. Манкеева (жалпы мәдени лексика), Г. Смағұлова (фразеологизмдер), А. Жылқыбаева (тағам атауларына қатысты лексика), К. Аронов (космонимдер), Б. Уызбаева (етістік фразеологизмдер), Н. Оңғарбаева (жұмбақтар), Р. Иманәлиева (кеңістікке қатысты лексика) т.б.

Қазақ тіліндегі өсімдік атауына қатысты лексика да халықтың өткен тарихы мен дүниетанымынан, мәдениеті мен дәстүрінен мол мағлұмат беретін дереккөз болып табылады.

Ерте дәуірлерден ата-бабаларымыз сан түрлі өсімдіктер түрлерін танып, зерттеп, күнделікті тіршілік үшін әр түрлі мақсатта пайдаланған. Жемісін азық ретінде пайдаланса, жапырақ, тамыры мен гүлін емдік мақсатта қолданған, тіпті езіндісінен бояу жасап, түрлі бұйымдар безендіруінде пайдаланған. Бертін келе тек табиғи өскен өсімдік түрлерін емес, қолдан өсіруді де меңгеру арқылы қолданыс аясы кеңейтіліп, азық-түлік қоры, өндірістік шикізат қорлары, құрылыс материалдары да даярланды. Қазақ жері өсімдіктер дүниесіне бай. Жер бедері де алуан түрлі, асқар таулар мен жазық далалар, айдын шалқар көлдер мен кең алқапты шөлдерді де, ит тұмсығы өтпес ормандарды да кездестіруге болады. Осыған орай әр түрлі табиғат жағдайына бейімделген әр қилы өсімдіктер түрлері де көп. Республика ғылымдарының ақпаратына сүйене, елімізде өсімдіктердің 6 мыңнан астам түрін кездестіруге болатынын білеміз. Айта кетерлігі, сол 6 мың өсімдіктің 760-ы тек біздің жерімізден ғана табуға болатын эндемик өсімдіктер.

Өсімдіктердің қазақша атаулары жөніндегі бастапқы мағлұматтарды біз Қазақстан өсімдіктерін тұңғыш зерттеген белгілі орыс ғалымдарынан, атап айтқанда: Н. И. Аненков, Б.А. Федченко, И.В. Ларин, И.В. Ларин, И.М. Крашеников, П.П. Поляков, Б.А. Быков, Н.И. Рубцов еңбектерінен кездестіреміз. кейінірек бұлардың қатарына ұлт мамандарының өкілдері: Ө. Қисықов, С. Арыстанұлы, Е. Рамазанов, Т. Мұсақұловтар келіп қосылды. Олар өздерінің еңбектерінде қазақша өсімдік атауларын молынан қамтуға және олардың тілімізде дұрыс қалыптасуы мен орысша баламаларына сай келуіне көп еңбек сіңірді.

Қазақ этнолингвистикасында тіл деректерін макротоптар мен микроотоптарға жүйелеу әдісі негізге алынады. Соған сәйкес, өсімдікке қатысты лексиканы «Ағаш тұқымдас өсімдіктер», «Бұта тұқымдас өсімдіктер», «Шөп тұқымдас өсімдіктер», «Дәнді дақылдар», «Көкөністер» т.б. топтарға бөліп қарастыруға болады. Ең алғашқы қауымдық құрылыстан бастап-ақ адамдардың күнделікті тіршілігіне, күнкөрісіне аса қажетті, маңызы зор өсімдіктер тобына тамақ үшін пайдаланылатын, бидай, арпа, тары, бұршақ сияқты дәнді дақылдар мен алма, өрік, шие, бүлдірген, жүзім тәрізді жеміс-жидектерді айтамыз. Бұлардың қатарына суықтан, желден қорғайтын қарағай, тал, терек, қайың сияқты ағаштарды да жатқызамыз.

Қазақстан жері өсімдік түрлеріне қаншалықты бай болса, халқымыз сол өсімдіктердің атауларына да бай. Айталық: қараспан, киіз-киік, көкзеңгір, балтасап, бұқамсілекей, әсемсары, меңдіқара, балмұрын, үркергүл, құсқонбас, қоянаяқ, ақкелін, қуырдақ, шеттік, суыртпақ, ... Осылай тізіп кете беруге болады. [6]

Өсімдіктер атауы тек заттың атауын айту мақсатында ғана емес, салыстырмалы теңеу түрінде қолданылып, көптеген әдебиетте фольклордың көркейтуші құралы және ұлттық тәрбие мен өнеге көзі ретінде де пайдаланылған. Мәселен, көптеген тарихи шайқастар барысынан еліміздің оңтүстік бөлігінде өсетін, емдік қасиетімен белгілі жусан тек денсаулық үшін ғана емес, жабыған жанға күш берер, иісімен жандандыра рухани азық ретінде де мәнге ие екеніне күә боламыз. Әсіресе, өнегеге толы қазақ мақал-мәтелдерінде аталмыш мысалдарды көптеп көруге болады. Қызғалдақ, раушан гүлдері сұлулықтың, нәзіктік, пәктік символы ретінде берілсе, емен, бәйтерек беріктік, қайсарлық белгісі болып көрсетілген. Тамыр сөзі өсімдіктің бір бөлігі екені белгілі, дегенмен оның әр қилы мағынасы мен қолданылу аясы кең. Тамыр - жақын дос, туған жер, шаңырақ, отбасы, ата-баба сөз орнына айтылар тұстар аз емес. Жоғарыда берілген бидай дәнді-дақылы молшылықтың, береке мен шаттықтың көрінісі болса, сарымсақ пен адыраспан бәле-жаладан қорғайтын, әр шаңырақтан табылар құнды өсімдікке айналған.

Қорыта айтқанда, қазақ халқының дүниетанымы мен әдет-ғұрпынан, тұрмыс-тіршілігінен, эстетикалық талғамынан мол ақпарат беретін, сол арқылы этнос болмысын анықтауға мүмкіндік беретін өсімдікке қатысты лексикаға этнолингвистикалық зерттеулер жүргізу аса маңызды болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Тілдік қатынас және этнолингвистика. Электронды ресурс. <https://massaget.kz/forum/viewtopic.php?f=130&t=19282>

2. Этнолингвистика. Электронды ресурс. <https://stud.kz/referat/show/20784>
3. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. –304 б.
4. Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. Алматы. 1989. -288с.
5. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. –Алматы: Евразия. 1995. - 180с.
6. Қалиев Б. Қазақ тіліндегі өсімдіктер атаулары. - Алматы: Ғылым, 1988.-159 б.

УДК 398.83

ПЕСЕННАЯ ТРАДИЦИЯ КАЗАХСКОГО НАРОДА

Вахтимирова София Замировна

vahtimirova.sofi@mail.ru

Студентка 2 курса специальности «Тюркология»
Кафедры тюркологии факультета международных отношений
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Научный руководитель – Р.К. Каликов

Песенная традиция казахского народа своими истоками уходит в глубокую древность. Она тесно связана с трудовой деятельностью, бытом, мировоззрением народа, его историей. Специфической особенностью песенного жанра казахов является то, что казахи – это народ живущий на огромных территориальных просторах и в зависимости от региона проживания, характерного рельефа местности (степь, лес, горы, пустыня) и хозяйственных особенностей (скотоводство, земледелие, ремесло, охота, торговля и т.д.) были разные, своеобразные мелодические окраски у песен и использовались различные музыкальные инструменты.

Казахи очень музыкальный народ с большой песенной традицией. С момента рождения и до смерти жизнь казаха сопровождают песни – колыбельные, поучительные, свадебные и похоронно-поминальные. Музыка была пронизана вся жизнь казаха.

Музыка – это жизнь, чувства и идеалы. Она мотивирует каждого из нас и в некоторых случаях заставляет двигаться вперед на встречу к своей цели. Прослушивая музыкальное произведение, вы можете ощутить горе и радость, спокойствие и раздражение, оптимизм и депрессию. Музыка учит людей сопереживать, переносит в другие эпохи, помогает эмоционально раскрыться, отвлечься от проблем. Музыка лечит, развивает, совершенствует, расслабляет. Все это характеризует музыку как универсальный язык, способный объединять людей из разных уголков мира для общения, межкультурного обмена, созидания и получения эстетического удовольствия.

В наши дни казахский певец и композитор - Димаш Кудайбергенов восхитил весь мир своим музыкальным талантом и продолжил славные песенные традиции Коркыта ата, Курмангазы Сағырбайұлы, Жаяу Муса Байжанова, Акан Серэ Корамсаулы, Жамбыла Жабаева, Амре Кашаубаева, Ықыласа Дукенұлы, Дины Нурпеисовой, Ахмета Жубанова, Батырхана Шукенова и многих других сыновей и дочерей казахского народа.

В настоящее время работа по сбору и научному изучению песенной традиции казахов продолжается и является одним из актуальных направлений в гуманитарных исследованиях. Композиторами написана музыка ко многим народным песням. Совместная работа историков, этнографов, лингвистов и музыкантов оказывает положительное воздействие на изучение и развитие песенно-музыкальной культуры казахского народа. Большой вклад в сохранение музыкальной культуру казахов вносят не только казахи из Казахстана, но и казахская диаспора и ирридента проживающие в ближнем и дальнем зарубежье. Более того мы видим, что в многонациональном Казахстане много исполнителей казахских песен и кюев среди представителей других национальностей.

Актуальность изучения песенной традиции казахского народа обусловлена несколькими факторами. Песенные традиции занимают доминирующее положение во многих культурах, в том числе казахской, являясь наиболее массовой сферой творчества; в